

2. Abdikeeva F., Balabekov E. Al-Farabi's thoughts on the role of music in the educational system. // Thinker. Teacher. (Materials of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 1130th anniversary of al-Farabi). - A. 2001.

3. Kelimbetov N. Literature of the ancient epoch. - Almaty: Ana tili, 1991. – p.117.

4. Isakhmetuly G., Dautbaev M. The issues of education and upbringing issues in the treatises of al-Farabi // Akikat.- № 6.-105, p.106.

УДК 512.55

## АБАЙДЫҢ АДАМТАНУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Жетписбай С.Б.

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай Мемлекеттік Педагогикалық Университеті,  
Қостанай қаласы

Ғылыми жетекшісі: Нұрмұхаметова Қ.Т.

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай Мемлекеттік Педагогикалық Университеті,  
Қостанай қаласы

**Актуальность темы:** С последней четверти XX века всестороннее изучение познавательного действия и деятельности человечества стало актуальным вопросом многих наук и широко развиваться. Изучать наследие великого Абая, познавать, укладывать в сознании долг каждого ребенка в казахской семье. Пропагандистские произведения нравственности, гуманизма, моральных качеств в творчестве Абая в каждой эпохе учили гнущаться от плохих качеств, вбирать в себя хорошее. Поднятый моральный вопрос, вопрос всесторонне пополненной, духовно совершенной, вбирающей в себя моральные качества, имеющей «доброе сердце, светлый разум, неутомимую силу» личности в произведениях Абая, очень важны в эпохе глобализации необходимой сохранения нашего национального характера. Поэтому изучение произведений поэта, на которых поднимаются эти вопросы, является очень актуальным в литературоведческой науке. Главная тема художественной литературы человек, как и стержень творчества Абая – Человек.

**Цель исследовательской работы:** Воспитание молодежи на основании мудрости о «духовных потребностях» и «человеческих потребностях», прививать в них гуманность, формирование молодого поколения соответствующее учению «действительный человек» Абая.

**Ключевые слова:** воспитание, человечность, духовная модернизация, новое поколение, образование.

**Relevance of the topic:** Since the last quarter of the twentieth century, the comprehensive study of the cognitive action and activity of mankind has become an urgent issue in many Sciences and is widely developed. To study the heritage of the great Abay, to learn, to put in mind the duty of every child in the Kazakh family. Propagandistic works of morality, humanism, and moral qualities in the work of Abay in every era were taught to shun bad qualities, to absorb the good. The raised moral question, the question of a comprehensively replenished, spiritually perfect, absorbing moral qualities, having a "good heart, bright mind, indefatigable strength" of the person in the works of Abay, is very important in the era of globalization and the preservation of our national character. Therefore, the study of the poet's works, which raise these issues, is very relevant in literary science. The main theme of fiction is man, as well as the core of Abay's creativity-Man.

**The purpose of the research work:** to Educate young people on the basis of wisdom about "spiritual needs" and "human needs", to inculcate humanity in them, to form a young generation corresponding to the "real man" of Abay.

**Key words:** upbringing, humanity, spiritual modernization, new generation, education.

**Тақырыптың өзектілігі.** XX ғасырдың соңғы ширегінен бастап адамзаттың танымдық іс-әрекеті мен қызметін жан-жақты зерттеу көптеген ғылымдардың өзекті мәселесіне айналып, кең өріс алды. Абай мұрасын оқып, тану, санасына сіңіру әрбір қазақ баласының ұлттық борышы десек артық болмайды. Абай шығармашылығындағы адамгершілік, ізгілік, имандылық қасиеттерді насихаттайтын туындылары әр дәуірде де ұлтты жаман қасиеттерден жиренуге, жақсыны бойға сіңіруге үйреткен. Абай еңбектерінде көтерілген адамгершілік мәселесі, жан-жақты толыққан, рухани кемелденген, имандылық қасиеттерді бойына сіңірген, «жылы жүрек, нұрлы ақыл, ыстық қайратқа» ие тұлға мәселесі қазіргі ұлттық сипатымызды сақтау қажеттілігі туындап отырған жаһандану заманында аса маңызды. Сондықтан осы мәселелер көтерілетін ақын туындыларын зерттеп-зерделеу әдебиеттану ғылымында өте өзекті болып табылады. Күллі көркем әдебиеттің басты тақырыбы адам десек, Абай шығармашылығының да өзегі, арнасы – Адам.

**Зерттеу жұмысының мақсаты** – Абайдың адамтану қағидаттары «жан құмарлығы» мен «тән құмарлығы» туралы даналық ойлары негізінде жастарды тәрбиелеу, олардың бойына адамгершілікті ұялату, Абайдың «толық адамы» іліміне сай келетін жас ұрпақты қалыптастыру.

**Түйін сөздер:** тәлім-тәрбие, адамгершілік, рухани жаңғыру, жаңа заман, білім.

Біз XXI ғасырда өмір сүрудеміз. Болашаққа баратын көш-керуеніміз қандай болмақ? Әлем елдері қарқынды экономикасымен, өзгелерге үлгі болатын мәдениетімен бәсекеге түсіп жатқанда, біз де дамудың даңғыл жолынан шығып қалмай, өркениетке ұмтылуымыз шарт. Ұлы ақынымыз өлеңдерінде және қарасөздерінде елдің, халықтың алға басуына қажетті бағыттарды атап көрсетеді. Кемшіліктерді өткір сынау арқылы адамдарды жағымсыз мінез-қылықтардан арылуға үгіттейді. Абай шығармалары әдеби туынды болуымен қатар, жол сілтеуші, ақыл-кеңес беруші қасиеттерімен құнды. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа даму жолына түсіп, жаңғыру процесін өткеріп жатқан тәуелсіз мемлекетіміз үшін Абайдың қағидалары ауадай қажет. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жуырда жарық көрген «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» мақаласында елімізді дамыту үшін ұлы ақынның парасатты пайымдарына терең үңілуіміз қажет екендігін алға тартады. Өйткені Абай сөзі еш уақытта өзектілігін жойған емес. Президент «Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет» деп ақын мұрасының дәл қазіргі уақытта, іргелі ел боламыз деп жатқан тұста қаншалықты маңызы зор екенін атап өткен. Қай қоғамға да еңбек ететін, тәртіп пен тыныштықты сақтайтын, ынтымақта өмір сүретін халық керек. Біздің мемлекет те заман талабына жауап бере алатын, асыл қасиеттерді санасына, жан дүниесіне сіңірген адамды қалыптастыру міндетін алға қойып отыр. Осы мақсатты жолда ұрпақ өнегесіне көңіл бөлу үшін Абай шығармаларындағы адамгершілік құндылықтарға назар аударғанымыз жөн.

Ақын, ағартушы, ұлы Абайдың: «Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар қалан», – деген үндеуінде «сол сүрлеуі жоқ заманның өзінде ұрпақтың жолын ашып, бетін түзеп, әр адам өмірден өз орнын табуға ұмтылуы тиіс» деген түйінді ойдың жатқаны анық көрінеді. «Әсемпаз болма әрнеге, Өнерпаз болсаң арқалан» деген пайымында жас ұрпаққа «тағдыр жолын таңдауға келгенде оған жеңіл-желпі қарай салмай, өмірдегі бағытыңды дұрыс таңда, еңбек етіп, өзінді жетілдіре бер, мақсатыма

жетемін десең, білім мен ғылымнан жиған жүгің салмақты, толымды болсын» деген ұлағат жатыр. «Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап, әуре етеді ішіне қулық сақтап. Өзіңе сен, өзінді алып шығар, ақылың мен қайратың екі жақтап», – деген жолдарда әр адам өз бойындағы ақыл, қайратына жүгіну керектігін және оның себеп-салдарын ұғындырып береді.

Халықтың көзі ашылып, көкірегіне сәуле түскен сайын ұрпақ тәрбиесі басты мұраттың біріне айналары сөзсіз. Мұндайда тағы Абайды іздейміз, Абайға қол созамыз, иек артамыз, оқыған сайын жаңалық табамыз, тамсанамыз, таңырқаймыз. Абайдың рухани мұрасына ден қою арқылы өмірге, қоғамға ойлана қарайсың. Адамның тағдыры да бұралаңы мен бұлтарысы, ойы мен қыры, жазығы мен өрі алмасып отыратын даланың жолы іспеттес. Осы ұзақ жолда тоқтап қалмау үшін, сүрініп кетпеу үшін өз бойындағы ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрегіңе сенім артасың. Мұндай қасиеттерге жүгіне алмасаң, замана көшіне ілесе алмай, көш соңында қалатының сөзсіз. Абай аңсаған ұрпақ та терең ойлы, «Жетпесе бірінікін бірі жеткізетін» қайырымды, иманды, инабатты ұл мен қыз. Олар ұстанатын қағиданы да Абай жүрек саумалындай сұрыптап айтып кеткен.

Ғалым, ойшыл, әдебиеттанушы М.Әуезов: «Абай адамгершілікті, моральдық философияны барлық жайдан жоғары қойды» деген. Абайдың бар өмірі халқын адамгершілікке үндеумен өткен. Ең алдымен жастарымыз Абайды оқып, тәлім, тағылым ала білуі тиіс. Өйткені, біздің болашағымыз осы жастарда. Олар ар ілімін меңгеріп, Абайша толғанып, әр қадамын байыппен жасай білсе, халқымыз да, сөз жоқ, алға басады. Өйткені Абай өзінің жүректен шыққан жауһар сөздерін, жан сырын жастарға арнайды. Солардан үміт күтеді, аталы сөзбен адамдықтың асқар биігіне шығу қажеттігін айтады. Жетінші қара сөзінде «ішсем, жесем, ұйықтасам деген тән құмарлығы мен білсем, танысам, көрсем деген сәбидің табиғи талпынысын» айта келіп, жан құмарлығының қуатын өрбітпей, тәнге бас ұрғызған хайуандық сезімді қатты сынға алады. Көзбен көріп, танып, біліп, өрісті ұзартып, жан азығын толтыруды құптайды. Гуманист, ойшыл, ағартушылық деңгейге көтерілген акын өсер ұрпаққа өнегелі сөз айтып, өмір ережесін, тәрбие тағылымын ұсынады. «Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой» – деп бес асыл қағиданы анықтап береді. Ұрпақ жанына осылайша жақсылықтың дәнін сеуіп, әр істі ақылға жеңдіріп, шындыққа жүгінуге шақырады. Жас ұрпақты мақтаншақ, өсек, өтірік, еріншектік, мал шашпақ сияқты кеселді мінезден бездіреді, жирендіреді. Бүгінгі тәуелсіз мемлекетімізді алға жетелеу үшін де әр азаматтың Абайдың осы қағидаларын ұдайы есте ұстағаны абзал. Ең бастысы, кемеңгер Абай өсиеті арқылы жастардың санасында қоғамдағы әлеуметтік-мәдени ортамен үйлесімді байланысын, ішкі жан дүниесіндегі мәдениеттілігін, білімге, ғылымға, еңбекке құмарлығын және еркіндік, тәуелсіздік, тағаттылық, ақыл, ерік, сенім, асыл сөз, махаббат, ар-намыс, абырой, кеңпейілділік, жомарттық сияқты қасиеттер мен ұғымдарды қалыптастыра алсақ, еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың мақаласындағы Ұлы Абайдың адам болу арманын орындауға қосқан үлесіміз болмақ.

«Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын» деп, адам атына терең мән беріп, жоғары талап қойған Абай өз шығармаларында адамның жаратылысы мен өсіп-жетілуін, адам болу жолы мен адамдықтан шығаратын жаман істерді атап көрсетеді. Күллі көркем әдебиеттің басты тақырыбы адам десек, Абай шығармашылығының да өзегі, арнасы – Адам. Сөйтіп, өз халқының бала тәрбиесіндегі қателіктерін аша оттырып, баланы шын мәнінде Адам болу үшін қалай тәрбиелеу керектігін, қандай мақсаттар қою керектігін өлеңдері мен қарасөздерінде жан-жақты ашып көрсетіп отырған. Одан әрі данышпан акын адамның «толық адам» болу мәселесін алдыға тартып, шығармаларында оған бұл өзекті ойын гуманистік тұрғыдан күллі адамзаттық

деңгейге көтереді. Адам мұраты мен халық мүддесін ұштастырудың негізгі бағыты ретінде ақын «толық адам» ілімін ұсынады. Абай мұраларындағы «толық адам», «жетілген адам» жайлы ой-пікірлер терең философияға, педагогикалық тағылымға құрылған.

Ең алдымен осы «толық адам» дегеніміз қандай адам? Адамның бойындағы басты қасиеттер: ақыл, қайрат, жүрекке сипаттама беріп, «Толық адам» туралы танымын негіздеген алғашқы шығармасы – 1889 жылы жазылған «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңі. Бұл – терең ойшылдың «Толық адам» туралы көп жылғы ой қорытындысынан туған өлең. Өлеңнің алғашқы шумағында Абай ақыл, жүрек, қайраттың ең негізгі белгілерін ашқан.

Абай адам және оның қасиеттері жайлы ойтолғамдарында өз замандастарының көңіліне симаған оғаш қылықтары мен жағымсыз мінез қылықтарын сынап, «Жақсы адам деп кімді айтамыз, жаман адам деп кімді айтамыз» деген, бір қарағанда оңай көрінетін, шын мәнінде аса күрделі сұрақты батыл қояды. Сөйтіп жақсы мен жаманға замандастарының көзін жеткізбек болып, сөзіне «Құлғын салмаған, тілін алмаған, көп наданнан» түңілсе де, жыл өткен сайын шығармаларында «Адам» ұғымы біртіндеп бойлай берген. Абай ақындыққа ден қойып, ел жайында жазған өлеңдерінде жақсы адамды ақылға еретін, бойын билеп, адал еңбек ететін «Ер кісі», қара қылды қырыққа бөлетін, әр нәрсеге өзіндей баға беретін «Ақылды адам» бейнесінде, ары бар, ұяты бар «Үлкен адам» тұлғасында, елдің бұзылғанына қайғырып, қапа болып жүрген «Періште» кейпінде, баптап салса, алмайтыны жоқ «Қыран бүркіт» тұлғасында береді. Ал жаман адамды: адал еңбек етпейтін, ұрлық, қулық қылғанына мақтанып көлбек қаққан «Жамандар», арам ақылды құлағына ілген көп пен дүрмектің ықпалымен жүретін «Надан», шынға сенбей, жоққа сенетін «Ақылсыз», терін сатпай, телміріп, көзін сатқан сұраншақ «Алдармандар», шаруаға олақ, сырын түземей, сыртын түзегіш «Сидан жігіт», сабырсыз, арсыз, еріншек, көрсеқызар «Жалмауыздар», арызқой қалаға шапқыш «Пысықтар», бойы бұлғаң, сөзі жылмаң «Қулар», не өзі алуға қабілеті жетпейтін, не қыранға алдырмайтын «Күйкентайлар» мен «Қарғалар» бейнесін берген.


Адамгершілік – барлық қаламгерлерге ортақ тақырып. Әйтсе де барлық қаламгерлердің бәрі бірдей бұрыннан айтылып келе жатқан дәстүрлі тақырып – адамгершіліктің өзіндік жүйесін, қалыбын, танымын жасай бермеген. Абайдың өзге ақын-жазушыдан бөлек болатын жағдайы да осы адам болу мен адамгершіліктің жүйелі жолын, өзіндік танымын, тіпті соңғы кездерде айтылып жүргендей ілімін жасай білуімен байланысты. Ол адамгершілікті көркемдік тұрғыда суреттеумен шектелмей, оны ілім, таным, ойшылдық деңгейге көтере жырлады.

1886 жылы жазылған «Малға достың мұңы жоқ, малдан басқа» деп басталатын өлеңін:.....Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:

....Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, - деген жолдармен түйіндейді. Мұндағы қайрат, ақыл, жүректің алдындағы эпитеттер тек поэтикалық қызмет атқарып тұрған жоқ: ыстық, нұрлы, жылы деген сөздерде үлкен мән бар. Ыстық қайрат – жамандыққа, зұлымдыққа бастайтын, жүректің шапағатына шырпылған қайрат емес, ізгілік жолына түскен жалындаған қайрат, нұрлы ақылымыз – өз пайдасы үшін басқаны құрбан қылатын айла мен амалдың жолына түскен, жүректің ырқынан шығып кеткен суық ақыл емес, жылы жүректің қалауыман ар, ұят адамгершілікті жақтайтын ақыл. Ал жылы жүрегіміз – өмірдің ыстық, суығында бір ысып, бір күйсе де өзінің жылылығынан арылмаған, айнасын кірлетпеген, рахым, шапағат төгіп тұрған мейірімді, махаббатқа толы жүрек. Абай сомдаған «толық адам» - қай заман, қай қоғам болмасын ешқашан мән-мағынасын жоймайтын парасатты, абзал да асыл тұлға. Адамзат қаншалықты ғылыми-техникалық прогресті меңгеріп, өркениетке қол созған сайын әділеттілік, бір-біріне деген мейірім-шапағат, жүрек шуағы ауадай қажет. Абай

шығармаларында негізделген адамның бойындағы «Үш қасиет» пен «Бес асыл іс» өзара байланысты. «Бес асыл іс» «Үш қасиеттен» шығады.

Оны мына схемадан білуге болады.



Адамзат қоғамы тарихында - жеке адамның ақылы мен санасы, мінезі, адамгершілігі жағынан өсіп- жетіліп, толық адам болып қалыптасуы – күрделі мәселенің бірі. Гуманист атаулының бәрі дүниедегі ең асыл, бағалы нәрсе - адам деп түсінетін болса, сол адамның бойында ең басты сипаттар неден тұрмақ дегенге әр дәуірдің ойшылдары – ұғым – нанымы мен заман талабына орай түрліше жауап беріп келеді. Осы ретте рухани жаңғыру, санаға серпіліс жасаудың озық үлгілерін ұлы Абайдан көреміз. Мәселен, «Қазақтағы дана Абай, дара Абай,» адам санасын өзгертудің формуласы ретінде «Адам бол!» қағидасын қара сөздерінде және «Адам болам десеңіз...» өлеңімен дәйектейді. Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер малшашпақ сияқты, рулық тартыс, бітпейтін дау - жанжал елдің сикын бұзатынын айтып, еш мақсатсыз бос жүрген халықты көріп қатты қынжылады. Осы ретте Елбасының айтқан «жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді»-деген ойының Абай айтқан даналығымен үндесетінін байқаймыз. Бұл тұста ерекше бір көңіл бөлерлік жай - Абай ғалым болу мен адам болу мәселесін бір-бірімен сабақтастыра айтады, бұл екеуінің тамыры, түбі бір деп санайды. Жас ұрпаққа өмір сүруді үйретіп, оның болашақ өсуі мен өзін - өзі тануы, даму жолдарын байқатар басты нәрсе ғылым деп көрсетеді. Саналы азамат болып, саналы өмір сүру үшін, ғылымды үйреніп, тәлімге тәнті болу керек екенін тұжырымдайды ғұлама.

### **Қорытынды**

Ғалым Ж.Ысмағұлов өзінің «Абай: Даналық дәрістері» атты еңбегінде Абайға мынадай баға берген: «Бұл күнде Абай сөзі әр қазақтың ағзасына ана сүтімен бірге дариды десе, артық айтылғандық емес. Ана сүті тән қорегі ретінде жас сәбидің буыны бекіп, бұғанасы қатаюына қызмет етсе, ақын сөзі оның санасына адамдық пен азаматтықтың ұрығын сеуіп қызмет етеді. «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол, халқыңа қызмет ет, еліңнің көсегесін көгерт» деген имандылық ережесін әр кезеңнің жас ұрпағы бұдан былай санасына Абай қазынасының нәрлі бұлағынан сіңіретін болады. Азаматтықтың үлкен жолындағы өзінің алдынан көлденең тартылған әрбір сұраққа ол тиісті жауапты ең алдымен Абай мұрасынан іздеп, Абай даналығынан табатын болады» [1, 3 бет].

Адамтанушы Абай жанның мәңгілік мекен ететінін, тәннің мәңгілік еместігін сөз еткен. Қазіргі зұлымдық, жамандық, арамдық билеген уақытта жас ұрпақты Абай насихаттаған «жан» құмарлығына тәрбиелеу маңызды. Себебі адам қаншалықты бай болсын, дәулетті болсын, оның басты байлығы – жан дүниесінің байлығы, рухани тазалығы деп білеміз. Абайды оқу – бір бөлек, оны көңілге тоқу – бір бөлек. Жас өркендерді Абайдың «толық адамына», «ар» іліміне сай болатындай етіп тәрбиелеп, олардың бойларына адамгершілікті ұялату керекпіз. Егер де әр адамзат баласы Абай атамның шығармаларын оқып, оны көңілге тоқыса, әлемде бейбітшілік орнар еді. Рухани жаңғыру заманында рухани байып, жаңғыру үшін өз ойшылдарымыздың шығармашылығына бет бұруға тиіспіз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Абай және қазіргі заман: зерттеулер жинағы. – Алматы: Ғылым, 1994. - 336 бет.
2. Абай Құнанбайұлы. Өкінішті көп өмір кеткен өтіп... Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Раритет, 2008. – 384 б.- "Алтын қор" кітапханасы.
3. Байтұрсынов А. Ақжол. Алматы жалын 1991. - 464 бет.
4. Бәйтенова Н.Ж. «Абай философиясындағы адам мәселесі» // Абай. - 2006, - № 3 (71). – 25 бет.
5. Ысмағұлов Ж. Абай: Даналық дәрістері – Алматы: «Өнер» баспасы, 2007. – 400 бет.
6. Нұрмұхаметова Қ.Т. «Білім берудің практикалық сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» мақаласы-Қостанай: 2019.-5 бет.

**УДК 372.863**

### **ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫ - ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКАНЫҢ НЕГІЗІ**

Жетру Нұрзат

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Ғылыми жетекші: Джуматаева А.И.

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Аннотация білім беруді ізгілендіру принципіне негіздеу, “оқыту”, “тәрбиелеу”, “тұлғаны қалыптастыру”.

Аннотация основана на принципах гуманизации образования, “обучения”, “воспитания”, “формирования личности”.

Annotation is based on the principle of humanization of education, “teaching”, “education”, “formation of personality”.

Педагогикалық ойлардың даму тарихы ғылымдағы ұғымдар аппараты біріндеп қалыптасқанын және олармен өзара байланыста педагогиканың жаңа ұғымдары пайда болғанын дәлелдейді. Педагогика ғылымында ұғымдардың пайда болу негізінен адамзат қоғамының даму тарихымен тығыз байланысты. Алғашқы адамдардың пайда болуымен бірге үлкендердің өзінен кішілерді үйрету тәжірибесі қалыптасып, ол ұрпақтан-ұрпаққа “оқыту”, “тәрбиелеу” ұғымдары ретінде жетіп отырды.

Педагогика – қазіргі барлық адамзат білімін және оңтайлы педагогикалық жүйені құру үшін адам туралы барлық ғылыми ақпаратты біріктіретін ғылымға айналып отыр.